



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018

кісілер олай етпес болар», - дейді [2, 2-3 бб.]. Гуманист Шәкәрім Құдайбердіұлы әрбір адамның қоғамдағы ұстанатын этикалық нормалары білім мен өнер арқылы тиімді екендігін поэтикалық ойлармен көрсетеді. «Адамдық борышың: халыққа еңбек қыл. Ақ жолдан айнымай, ар сақта, оны біл. Талаптан да, білім мен өнер үйрен. Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл» [3,186.]. Шәкәрім Құдайбердіұлының демократиялық идеялары қазақ қоғамындағы тұлғаның лидерлік рөлі, ақыл мен парасаттылық категориялары арқылы ерекше жағдайларда оң шешімін табады.

Мәселен, қазақтың билер институтының кемеңгері, данышпан шешен, жырау Бұхар Қалқаманұлы өзінің лидерлік қасиетін Тәуке ханның билік қызметке енген кезеңінде беделді би болуымен қатар қазақ халқының бірлік-ынтымағын сақтау үшін атақты билер Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Байбекұлымен қауымдасып, қазақ елінің әдет-ғұрпы негізінде жасалған тұңғыш праволық нормаларының юриспруденциялық жиналымын «Жеті жарғы», «Тәуке хан заңдары» аталатын еңбекті ғылыми әлемдік айналымға енгізді.

Осы фактілер лидерлердің қоғамдағы рөлінің ауқымдылығын көрсетумен қатар, олар қазақтың хандық билігін нығайтуға мемлекеттік деңгейде үлес қосуына гуманистік парасат пен кемеңгерлік қасиеттерді толыққанды меңгергендігінің жағымды көрсеткіші болып табылады [5, 202-б.].

Қорыта келе айтқанда әртүрлі мәдениет пен өркениет тұлғаның өзіндік түрлерін қалыптастырады. Қалай дегенмен де тарихқа сол кезеңге лайықты керемет қабілеті, жоғары кәсіби сапасы бар адамдар қажет. Тарих объективті заңдылықтарға сәйкес іс істеуші адамдармен жасалады. Олардың бытыраңқы әрекет жасамауы үшін біртұтас орталық қажет. Ал оны іске асыратын лидер, халықтың көсемі, данышпан басқарушы.

Әдебиет тізімі

1. Человек: индивидуальность, творчество, жизненный путь /Сб. Статей // По ред. д.ф.н. В.И. Келасьева. – Изд. СПбУ. – 1988.
2. Энкельманн Н. Власть мотивации: харизма, личность, успех. –М., 2014.
3. Сатбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы, 1990.
4. Ерғазы Қ. Қазақ қоғамындағы лидерлердің феномені // Тарихтағы тұлғаның рөлі. ХҒТК материалдары. - Астана, 2007.

ЗАМАНАУИ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ ӨНЕРІНДЕ

Үсен А.Ә.

Астана қ.

aierke0102@mail.ru

Қазіргі кезең өте күрделі, себебі адамзатқа үйреншікті даму заңдылықтары мен қоғамдық қатынастар, саяси үрдіс пен әлеуметтік орта түгелдей өзгеріске ұшырап жатқан тұста, бір мемлекет, бір ел емес тұтас адамзаттың рухани-әлеуметтік жүйесі өзгеріп жатқан кезең бүкіл әлемді тығырыққа тіреуде. Адамзаттың бұрынғы құндылықтары өзектілігін жоғалтып, рухани тіреуінен айрылап, сенетін және сүйенетін жаңа бір тұғыр таппай, бос кеңістікте дағдарып қалғандай. Он шақты жыл бұрын басталған дағдарыстың басы адамзаттың рухани дағдарысынан басталғандығы анық. Өткеннің бәрі мәнін жоғалтып, баратын жаңа жағалау көрінбеген тұста су үстінде қалбалақтағандай адамзат осылай ауыспалы кезеңді басынан өткеріп келеді.

Қазақ елінің капиталистік құрылымға өтуі мен материалдық құндылықтардың бағасы артып, адамзат рухани құндылықтың ықпалын әлсіретіп алды. Әлем байлығы жер бетіндегі адамдардың бір ғана пайызына тиесілі болып, қалған бөлігі кедейлік пен қайыршылықта өмір сүріп, әлемді үлкен корпорациялар билеп тұрған заманауи кезең адамзатқа көп қиындықтар келтіріп отырғаны белгілі. Материалдық құндылықтардың бағасы артуымен адамның рухани сипаты зардап шегіп, қоғамдық өткір мәселелерді тудырып отырғаны анық.

«Ұлтымыз қазір күрделі бұрылыс кезеңінде тұр. Нарықтық қатынастар ұлт психологиясына менталитетіне елеулі әсерлерін тигізуде. Нарық қатынастары психологиясының әсерінің өрістеуінің арқасында және адамның адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттерінің заттануы, ұлттық этиканың орнына құбылмалы, ынғайлы этиканың келуі жағымсыз жағдайларға, құбылыстарға итермелеуі мүмкін. Нарық кезінде ұлтымыздың рухани өміріне мән берілмесе ұлтымыз моральдық-этикалық келбетінен айырылып қалуы мүмкін. Сол себепті ұлттың моральдік деградацияға түсуіне жол берілмеуі керек. Сапаның төмендеуі адамдарды дарақылық пен тоқмейлісіесушілікке, арзан, жылтырақ тіршілік өмірге әкелуі мүмкін. Өнер мен әдебиетте постмодерн деген атпен көрініс беріп келе жатқан ғаламдық рухани дағдарыстың біздің ұлттық кеңістігімізде де орын алып қалуы ықтимал» [1, 307б.].

Қоғамның рухани дамуының өлшемі оның өнері мен мәдениетінің даму деңгейі. Халық дүниетанымының даму бағдары мен мазмұнын да танытатын өнер мен мәдениет. Қазіргі кезеңдегі үлкен өзгерістер өнерден де көрініс табуы керек. Қазақ өнерінің даму бағыты өзгеше сипат алғалы біраз уақыт өтті. Мемлекеттік қамқорлықтан шығып, өзінше өмір сүріп, тәуелсіз жүзеге бет алған өнер де капиталистік құрылымның негізгі заңдылығына нарықтық даму жүйесіне бейімделуде. Классикалық өнерден көрі пайдалануға негізделген жеңіл, таяз, тобырлық өнердің дамуына сұраныс туып отыруы өнердің тауарға айналғандығының дәлелі. Материалдық сұраныстың жоғары тұруы рухани әлемнің таяздануына әкеледі. Қазіргі кезеңде мемлекеттігімізді құру сияқты халық үшін аса өзекті, әрі ірі мәселені шешу кезеңінде рухани дамудан көрі материалдық өндірісті жетілдіруге негізделген технология мен ғылымның дамуына мән беріліп, бүкіл әлемнің дамыған және дамушы елдерінің осы бағытта дамуы адамзаттың рухани келбетінің көмескіленуіне әкеліп отырғаны жасырын емес. Осы тұста нағыз адамның рухына қажетті адамгершілік мәселелері тұғырдан түсіп, рухани баюға қажетті көздердің (дін, мәдениет, білім) теріс бұрмаланып, өз мақсатына сай жұмсалмауы да қазіргі кезеңдегі рухани дағдарысты тереңдетіп барады. Діни мәселенің күшейуі, иллам дінін теріс пайдалану арқылы, оның адам өміріндегі орнын әлсіретуге бағытталған алапат, зұлымдық іс-әрекеттер, мәдениеттің адамзаттық көркем ойдың құндылығы ретінде бағаланбай тауарға айналып, тек адамдардың материалдық қажетін өтеуге ғана бағытталуы, ал білімнің тек статистикалық сипат алып, өзінің философиялық, дүниетанымдық, әрі дидактикалық мүмкіндіктерінен айрылуы қоғамдағы рухани және экономикалық дағдарысты ушықтырып, әлемдік деңгейдегі зобалаңға айналып бара жатқанын, мемлекеттер арасындағы ақпараттық, діни сенім, экономикалық, қарулы соқтығыстардың жаппай сипат алуынан ұғуға болады. Қазіргі кезең дамуында екі үлкен серпіліс бар: бірі - жаһандану мен әлемдік қоғамдық-саяси құрылымның жаңғыруы. Кей қуатты империялардың ыдырап, үлкен әлемдік институттардың даму бағытының өзгеруі. Адамзат әлемі үлкен эволюциялық жаңғыруды бастан кешуде. Ол мәселе әлемнің жеке мемлекеттерінің дамуында да көрініс тауып отыр.

Сөз өнерінің қоғамдық сипатының күшті екені аян. Ежелгі мифтер мен халық ауыз әдебиетінің мұралары өз кезеңінің айнасындай болып, қазіргі кезеңге дейін жетіп, ғасырларды жалғап отыр. Әлемдік сөз өнері барлық кезеңдерде өз дәуірінің көркем бейнесін жасап, қоғамдық қатынастар мен шиеленістерді, адам тағдыры мен табиғат сырларын тереңнен тануға мүмкіндік тудырған. Қазақ халқының тарихы мен дүниетанымын шынайы бейнелеген сөз өнері бүкіл адамзаттың рухани азығы екендігі даусыз. Сөз өнері қайбір кезеңде болмасын тарих шындығын бедерлеуде толыққанды, жан-жақты, әрі объективті болғандықтан және оқырманның танымдық, интеллектуалдық, қоғамдық-әлеуметтік, эмоционалдық-экспрессивтік қажетін толық өтейтін өнер түрі ретінде барлық қоғам мен дәуірде өз өзектілігін жоғалтпаған киелі өнер сөз өнері.

Қазақ әдебиеті де ғасырлар бойы қазақ халқының үні, дүниетанымы, айнасы, тәрбиешісі, сырласы міндетін адал атқарып келді. Халық туралы мол ақпарат алғың келсе оның сөз өнеріне үңілсеңіз болды. Оның жаны да, жүрегі де, арманы мен қиялы да, өкініші мен күйініші де, өткені мен болашағы да асыл сөздің қатпарларында жатыр.

Қазіргі өте күрделі кезеңде сөз өнерінің орны қандай. Осы күнге дейінгі рухани жетекші ролінен айрылып қалған жоқ па? Өз қоғамының айнасы болып, тәрбилеуші ұстаз деңгейіне жете алды ма? Заманауи рухани-адамгершілік мәселерді өткір көтеріп, шешімін ұсынуда маңызды рольге ие бала ала ма? Адамның рухани-адамгершілік келбеті соңғы мыңжылдықтың басында аса үлкен өзгерістерге ұшырауда. Рухани құндылықтарының ролі әлсіреп, материалдық құндылықтардың бағасы өсуімен адамның рухани деңгейі де төмендеп кеткені жасырын емес. Оған күнделікті өмірдің өзі ұсынып отырған оқиғалар куә болуда.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті өз кезеңінің негізгі сұранытарына жауап берді. Ол кезеңде халықты ояту, надандық құрсауынан босату, азаматтық санасын ояту еді. Одан бергі кезеңде әдебиеттің міндеті рухани-адамгершілік, моральдік-этикалық мәселелерді көтеріп, бейбіт өмірде адамдарды жақсылыққа сенуге үндеу болды. 70-80 жылдардағы әдебиет ұлттық-адамзаттық құндылықтарға төніп тұрған қауіп-қатерларға, рухани құлдыраудан сақтандыруды негізге алған еді. Жер бетіндегі экологиялық апаттар мен адамның жан дүниесіндегі рухани апаттар қатар алынып суреттеліп, адам мен табиғат тұтас, бір-бірін сақтауға тиіс деген идеялар көтерілген-ді. Қазіргі әдебиет өліара шақ, аумалы-төкпелі кезеңнің әдебиеті. Бір эволюциялық деңгейден екінші деңгейге өту сияқты үлкен реформаны адам мен қоғам, әлемдік ғылыми прогресс өтіп жатқан күрделі кезең әрине адамның жан дүниесіне үлкен сілкіністер әкелетіні даусыз.

Қазақ қоғамы да капиталистік даму формациясына өтті. Бұл формация жеке ада үшін жер бетін қарусыз майданға айналдырып жатқалы біраз болды. Капиталистік құрылыстың адамға деген қатыгез заңдарын, шарттарын түйсінген философтар XX ғасырдың басында «Құдай өлді» деген теориясын жарылағаны белгілі. Құдай дегеніміз адамзаттың бойына жаратушының дарытатын имани қасиеттерінің өлуі екендігін айтса да түсінікті. Капитализм классицизм эстетикасындағы ізгілік ұғымын жоқ етіп, модернизмнің түрлі сипаттағы эстетикаларын әкелді. Оның барлығы жеке адамның ішкі жан сарайына түсіп жатқан ауыр салмақты, қатты соққыны арқау ете отырып, адамның ойлауы мен қабылдауы, әрекет етуі мен түрлі факторға реакциясы сияқты мәселелерді тереңнен қозғады. Бұл өнер туындысының аса қоғамдық сипатының күшті екендігінің айғағы. Қоғамдағы өзгерістер адамның рухани-адамгершілік келбеті мен моральдық-этикалық құндылықтарын өзгертпей қоймайды. Қазіргі кезең адамы да өзгерді. Сондықтан осыған сай жаңа кейіпкерлер мен көркем бейнелер әдебиетте жасалмаса ол әдебиеттің өспегендігін көрсетеді. Қазақтың кемеңгер жазушылары Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов өз қоғамының шынайы бейнесін жасап, көркем өнерде бедерлеп, сол кезеңнің жарқын бейнелерін сомдап өз дәуіріне ескерткіш тұрғызды. Ал қазіргі кезеңде осындай осы уақыттың бейнелер мен бедерлері жасалғанмен, жарқырап ашылмай, оқырманның жүрегі мен ойына сіңбегей отырғаны жасырын емес.

Қазақ әдебиетінің жанрларының даму деңгейі қазіргі кезеңде де әртүрлі. Қазақтың поэзияға ақын халық екендігін небір көркемсөз шеберлерінің поэзия жанрында қалдырған іздерінен байқауға болады. Қазіргі поэзия философиялық поэзия. Қазақ философиясының жыраулар толғауларынан, Абай мен Шәкәрім өлеңдерінен таралатыны белгілі. Өйткені халық бәрін поэзияның ерекше ырғағымен сұлу сымбаты арқылы ғана қабылдайды. Осы ақындардың шығармаларын қара сөз жобасымен берілсе қабылдауы да мүмкін. XX ғасырдың 70-80-жылдарында қазақ прозасы философиямен терең сабақтасып, тұтасып кетті. Ә.Кекілбаев, О.Бөкей сияқты жазушылар прозаны ойдың кеніне айналдырып, өздерінің философиялық концепцияларын жасай білді.

Қазіргі әдебиетті тәуелсіздіктен кейінгі әдебиет деп танып, солай ат берген әдебиеттанушылар. XX ғасырдың басында әдебиеттің жанрлары енді ғана көрініп, дами бастаған кезеңде оның қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, өз уақыты мен кеңістігінің шынайы суретшісі, көреген тәрбиешісі, қолдаушысы мен қамқоршысы бола білген сөз өнері қазіргі кезде қоғам дамуында үлкен рольге ие бола алмай отырғандығы анық. Өйткені қазіргі кезең проблемелары концептуалды әрі, жүйелі жазылып, қоғамдық ой-сана мен дүниетанымның негізін жасай алмай отыр. Әдебиетте заманауи мәселелер стихия

түрде көрініп, халық пен мемлекеттік құрылымға ықпал ете алмай отыр. Қазақ халқы үшін сөз өнерінің орын барлық өнерден ерекше болғандығы айтып өтілді. Сондықтан рухани дағдарыс пен мәдени жұтаңдықтың кілті де осында, ақын-жазушылардың белсенділігінің төмендегенінің көрінісі.

Әрине, әр дәуірдің өз даму ерекшелігі болады. Біз қазір көзбен қабылдап, көңілмен қорытпайтын кезеңдеміз. Сондықтан сөздің құны арзандап, сөз өнері де бұрынғыдай бағалана бермейтін кезеңге тап келдік. Сол классикалық дүниелерді оқымаудың салдарынан рухани даму деңгейі төмендеп, оның зардабын адами қасиеттердің құлдырауынан байқалады. Адамзат кітап оқитын кезеңде әлдеқайда бақытты еді. Қазір бар байлыққа ие болғанмен рухани кеңістік бос қалып, оны мәнсіз дүниелермен толтырмақ болады. Оған көңіл толмай, жүрек сенбегендіктен өзін қуыс кеуде ретінде бағалап, бақытсыз сезінеді. Рухани болмысымыз өз қажетін таппаған соң адасады. Қазір сол көпшіліктің рухани әлемі жұтаң болғандықтан, қоғамда адам сенбейтін жайттар орын алып отыр. Адамның көңілі толмағанда ағзасын зорлап тамақпен толтырып, соңында бүкіл ағза істен шығатын болса, қазір де солай материалдық тұрғыдан байып, рухани тұрғыдан кедейленіп, қоғамдық, әлеуметтік, моралдық даму балансы бұзылды. Жеке адам мен қоғамдағы рухани кеңістіктің бос қалуы оның рухани келбетін құлдыратуда. Қазір де кітап оқылар еді. Мұхтар қазіргі кезеңде туылып, осы кезеңнің шындығын жазар болса, халық оқыр еді, ойланар еді. Елге рухани тірек болар еді. Оның шығармалары қазіргі қоғам дамуы үшін рухани шамшырақ болар еді. Қазір көбінесе тарихи романдар жазылуда. Әрине олар керек, тарихымыздың көп беттері өшіріліп, көп тұлғалары ұмыт қалды. Оларды түгендеу біздің ұрпақтың парызы. Бірақ біз шығармалардан қазіргі заман адамын көргіміз келеді. Абай арқылы тұтас халықтың тағдырын жазған Мұхтар кейіпкерлері арқылы қоғамның ащы шындығын көрсетсе халық оқыр еді. Шебер жазушыға уақыттың, әлеуметтік-саяси дамудың әмірі жүрмейді. Абай кешеді, бүгін де, ертең де Абай. Мұхтар да солай уақыттың билігі жүрмейтін жазушы. Қазіргі руханияттағы өліара кезеңде өтер, ұлттың рухани жаңғыру мен қайта өрлеуі басталар. Сонда нағыз жазушы мен нағыз ақындар туылып, рухани ортамыз толысатынына сенемін.

Юмор мен сатираның күшті қару екендігін ежелгі грек драматургы Аристофанның одан кейін Мольер мен Чеховтің өзіміздің алып жазушымыз Б.Майлин шығармаларынан белгілі. Абай да ел арсынағы әділетсіздікті айтуда сатираға жүгінгені белгілі. Ортамызға келіп шығармашылығымен серпілтіп рухани азығын алдымызға жомарттықпен жайып отырған ағамыз Б.Әлімжановтың шығармаларын қарағанда осы юмор мен сатираның құдіретін тағы бір таныдым. Сол Аристофан мен Чеховтің қаламымен түйінделген адамдар ағамыздың әңгімелерінде бой көрсетеді. «Мұздатқыш» атты шағын әңгіме кейіпкерінің елеусіз бір іс-әрекетінің соншалықты қоғамдық пікір тудыруы өте нанымды көрінеді. Көршісі әрі бастығы болып келетін адамға мұздатқышты көтерісуін қоршаған ортаның жағымпаздыққа бағалауы өте нанымды шыққан. «Сен оның жүгін көтерсең ол сені көтерді», «Мен оттап тұрған жөкпын, болған нәрсені шотттап тұрмын» деген сынды сөйлемдері мірдің оғындай. Сөз қолданысындағы жинақылық пен өткірлік, әр сөзге салмақтап қарап, нағыз деп тиетінін саралап қолану ақын шығармашылығының ерекшелігі. Бастық туралы «Ол адам емес. Сен оны адам деп кемітпе. Ол- бастық» - деп адамшылықпен атқарған әрекеттің адам арына жаға салатын күйге алдалдырып жібергені туралы мындай терең ой айтылады. «Ол сенің шындығың. Жұрттікі басқа. Жұрт сенің шындығыңды өз ұғымының қалыбына құйып жібереді. Құйып жібереді де саған қарғыбау қылып таға салады» [2,114]. «Мен қалай құрылдым» [2,184] атты әңгімесі де Б.Майлиннің үрдісімен жазылған. Асыра сілтеушілікті нанымды шебер, анық бейнелейді. Осындай шебер жазушылар мен ақындар көп арамызда. Бірақ олардың сөзін таныту мәселесі жолға қойылмағандықтан рухани-адамгершілік мәселеде олқылықтар көп.

Әдебиет тізімі

1. Нұрадин Г.Б., Сапарғалиева С.Ж. Рухани қажеттілікті қанағаттандыру – қоғамды дамытушы фактор.// Актуальные проблемы развития мировой философии: Мат-лы II междунар. науч.-теорет. конф. (14-16 февраля 2013 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2013. Т. II. – 432 с.
2. Б.Әлімжанов. Шығармалары: Алматы, 2008.- 254 б.

ҚАЗАҚ ДАНАЛЫҒЫ – ЖАБАЙХАН ӘБДІЛДИН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

*Адаева Г.А.
Астана қ.
kumaen@mail.ru*

Абай отыз сегізінші сөзінде «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» [1] дейді. Даналық философиялық ұғым болып табылғанымен, мазмұнының тереңдігі мен сан қырлылығы жағынан, оған философияның көптеген функцияларының (ғылым, таным теориясы, логика, методология, идеология, т.б.) бірі ретінде қарауға болмайды. Философия ғылымсыз да өмір сүре алады Ал даналықтан қол үзсе, философия аты ғана қалып, заты (мәні, мазмұны) жоғалады.

Академик Жабайхан Мүбәрақұлының 80 жылдық мерейтойына орай «Еуразия университеті» газетіне мақала жариялау мақсатымен ғалым ағамызбен сұхбат жүргізіп едім. Сонда Жәкең: «Мен саналы өмірімде, негізінен, таным, логика мәселесімен айналысқан адаммын. Соңғы кезде адам мәселесі, кісілік, сұлулық тақырыптары толғандырып жүр. Деніме саулық берілсе, осы мәселелерді тереңірек қарастырғым келеді» деген еді. Осы сұхбаттың өзінен Жабайхан ағаның қазақ даналығын жақсы білетіні байқалды. «Кісілік демекші, қазақ «Кісіні кейде таршылық сынайды, кейде баршылық сынайды» дейді. Осыған қатысты не айтар едіңіз?» деген сұраққа ғалым ағамыз «Өте жақсы айтылған. Жаман адам басына қиындық түссе, салы суға кетіп, сүмірейіп, жер болып қалады. Өмір болған соң қайшылықсыз болмайды ғой. Ол қайшылықтар шешу үшін беріледі... Ал «баршылық сынайды» деген, кейбір, бұрын жалпылдап, шалғайыңа оралып жүрген адам, қолы билікке жетсе, әзер амандасып, шалқайып қалатыны бар. Бұндайда тағы да қазақ «Жаман атқа жал бітсе – жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе – жанына қоңсы қондырмас» деп тауып айтқан» деп жауап қатқан еді. Тағы бірде бір отырыста «Қазақ дәстүрлі дүниетанымында жаман адам түсінігі бар ма?» деген сұрақ туындады. Аяз би туралы аңызды мысалға келтіріп, жаман адам түсінігі жоқ деген пікір айтылды. Сонда, Жабайхан аға «Қазақта жаман адам түсінігі бар. Болмаса қазақ «Жаман малды асырасаң – аузы-мұрныңды май етер, жаман адамды асырасаң – аузы-мұрныңды қан етер» демес еді ғой» деп тұжырдды. Орыс тілінде оқып, сол тілде жазатын адамның қазақ мақал-мәтелдерін жақсы білетіні және осы білімін өз пікірін негіздеуде ретімен қолдана білетіні таңдандырады. «Пословицы и поговорки являются классическими, отшлифованными временем выражениями обыденного сознания, в которых пульсирует мудрость народа...» [2].

Жоғарыда айтылған сұхбаттан Жабайхан Мүбәрақұлының өмірдің мәні, адам туралы қазақша ойлайтыны байқалды. Осы әңгімеде Жәкең әйел туралы мынадай ой толғады. «Әйел, ең алдымен, Ана. Адамдағы барлық асыл қасиеттер – анадан. Бұхар жырау айтқан ғой:

Жал-күйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз.
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас,
Жаман қатын алсаңыз,